«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Бас инженерінің
2025 жылғы 18 тамыздағы
№ 736-ЦЗ бұйрығымен
бекітілген, 2026 жылғы 25
қыркүйектегі
№587-ЦЗ бұйрығымен
енгізілген өзгерістер мен
толықтыруларды ескере
отырып

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызына меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы тікелей немесе жанама түрде иелік ететін ұйымдарда жеке қорғану құралдары, арнайы аяқ киім және нысанды киім үлгілерін бағалау тәртібі мен әдістемесі

2.0 редакциясы

Құжаттар тобы:	жергілікті акті
Әзірлеуші:	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Өндірістік қауіпсіздік және экология департаменті
Құжатты талдау және өзекті сипат беру үшін жауапты:	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Өндірістік қауіпсіздік және экология департаменті

Астана – 2025 ж.

Мазмұны

1 Жалпы ережелер..... 3
2 Анықтамалар мен қысқартулар 3
3 Бағалау үшін жеке қорғаныс құралдарын (бұдан әрі – ЖҚҚ)
және нысанды киім (бұдан әрі – НК) үлгілерін алу және беру тәртібі..... 5
4 ЖҚҚ және НК үлгілеріне бағалау жүргізу мерзімі..... 6
5 ЖҚҚ және НК үлгілеріне бағалау жүргізу әдістемесі..... 7
6 Сатып алуды ұйымдастырушыға сараптамалық қорытынды дайындау
және ұсыну 8
7 ЖҚҚ және НК үлгілерін есепке алу және сақтау..... 8
№1 қосымша. Сараптамалық қорытынды 10
№2 қосымша. ЖҚҚ мен НК үлгілерін кәдеге асыру туралы акті..... 11

1 Жалпы ережелер

1. Осы Жеке қорғану құралдары, арнайы аяқ киім және нысанды киім үлгілерін бағалау тәртібі мен әдістемесі (бұдан әрі – Тәртіп) «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №193 хаттамасымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей не жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-тың меншігінде немесе сенімгерлік басқаруында болатын заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне ~~және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен (№70/22 хаттама) бекітілген «Арнайы киім» бағыты бойынша Сатып алу санаттық стратегиясына~~ сәйкес әзірленді.

2. Тәртіп «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Компания) сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелік сипаттамасына сәйкес келуіне жеке қорғану құралдары, аяқ киім және нысанды киім (бұдан әрі – ЖҚҚ және НК) үлгілерін бағалау жөніндегі сараптамалық комиссияның (сарапшының) жұмысын ұйымдастыруға/ аккредиттелген сынақ зертханасымен өзара іс-қимыл тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

3. Тәртіпті сараптамалық комиссия (сарапшы)/аккредиттелген сынақ зертханасы ЖҚҚ мен НК үлгілерін қарау кезінде қолданады.

4. Тәртіп мына процестерді:

1) ЖҚҚ және НК үлгілерін оларды бағалау үшін алу және беру тәртібін;

2) ЖҚҚ және НК үлгілеріне бағалау жүргізу мерзімін;

3) ЖҚҚ және НК үлгілеріне бағалау жүргізу әдістемесін;

4) Сатып алу ұйымдастырушасына сараптамалық қорытындыны дайындау және ұсынуды;

5) ЖҚҚ және НК үлгілерін есепке алу және сақтау тәртібін реттейді.

2 Анықтамалар мен қысқартулар

5. Тәртіпте келесі негізгі анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

аккредиттелген сынақ зертханасы	–	зертхана жағдайында ЖҚҚ және НК үлгілеріне сынақ жүргізетін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттелген ұйым;
Тапсырыс беруші	–	«ҚТЖ» ҰК» АҚ немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу немесе одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа тікелей немесе жанама тиесілі ұйым;
Тендерлік құжаттама	–	әлеуетті жеткізушіге тендерлік өтінімді дайындау үшін берілетін және тендерді өткізудің шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерден тұратын құжаттама;
~~сатып алу санатының стратегиясы (ССС)~~	–	~~барынша пайда алуға негізделген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың оңтайлы тәсілін белгілейтін құжат;~~
әлеуетті жеткізушінің өтінімі (өтінім)	–	әлеуетті жеткізушінің сатып алу құжаттамасында белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарларды жеткізуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны, сондай-ақ жеткізуге ұсынылатын тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын әлеуетті жеткізушінің құжаттары;
ЖҚҚ және НК үлгісі	–	Тауарлар тізбесінде тұрған, сатып алу кезінде үлгілерін талап етуге жол берілетін жеткізілуге ұсынылып отырған жеке қорғаныс құралының үлгісі;
Сатып алуды ұйымдастырушы	–	сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу рәсімдерін орындау мақсатында Тапсырыс беруші(лер) анықтаған заңды тұлға немесе құрылымдық бөлімше;

ЖҚҚ және НК үлгілерін бағалау	–	Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелік талаптарына ЖҚҚ және НК үлгілерінің сәйкестігін/сәйкес еместігін анықтау процесі;
Тауарлар тізбесі	–	құрамы Қордың бірінші басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның шешімімен анықталатын, сатып алу кезінде үлгілер талап етілетін Тауарлар тізбесін бекіту жөніндегі Қор комиссиясы бекіткен тауарлар тізбесін қамтитын ~~және сатып алу санаты стратегиясының периметріне енгізілген~~ тауарлар
әлеуетті жеткізуші	–	сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға, заңды тұлға (егер олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда,), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);
жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ)	–	сатып алу кезінде үлгілерді талап етуге жол берілетін, Тауарлар тізілімінде көрсетілген, Тапсырыс берушінің қызметкерлерін зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғауға арналған құралдар;
КО ТР 019/2011	–	Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №878 шешімімен бекітілген «Жеке қорғаныс құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті;
КО ТР 017/2011	–	Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №876 шешімімен бекітілген «Жеңіл өнеркәсіп өнімінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті;
сарапшы	–	әлеуетті жеткізушілер ұсынған сатып алынатын тауарлардың ЖҚҚ және НК үлгілерінің техникалық ерекшелік сипаттамасына сәйкестігіне қатысты

		сараптамалық қорытынды дайындауға қатысу үшін Сатып алуды ұйымдастырушы тартқан тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, куәліктермен және басқа құжаттармен) расталған өткізілетін сатып алудың нысанасына сәйкес келетін салада арнайы және (немесе) техникалық білімі, тәжірибесі мен біліктілігі бар жеке тұлға;
сараптамалық қорытынды	–	сатып алынатын тауарлардың ЖҚҚ және НК үлгілерінің техникалық ерекшелік сипаттамасына сәйкестігін бағалау туралы мәліметтері бар сараптау комиссиясының (сарапшының) /аккредиттелген сынақ зертханасының құжаты
сараптау комиссиясы	–	сатып алынатын тауарлардың ЖҚҚ және НК үлгілерінің техникалық ерекшелік сипаттамасына сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындауға қатысу үшін сарапшыларды тарта отырып, Сатып алуды ұйымдастырушы құрған алқалы орган;
Қор	–	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы;
нысанды киім	–	поезд бригадаларының қызметкерлеріне (жолаушылар поездарының бастықтары мен жолаушылар вагондарының кондукторларына) және нысандық киім (погонсыз) киюге және айырым белгілерін тағуға құқы бар «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының басқа қызметкерлеріне арналған (погонсыз) нысанды киім.

3 Бағалау үшін ЖҚҚ және НК үлгілерін алу және беру тәртібі

6. Сатып алуды ұйымдастырушы Тізбеге енгізілген ЖҚҚ және НК сатып алу туралы хабарландыруда әлеуетті жеткізушілерден ЖҚҚ және НК үлгілерін

ұсыну талабын белгілеуге құқылы. Әлеуетті жеткізуші ұсынатын үлгілердің саны бірдей тауар түріне 1 (бір) бірліктен аспауға тиіс.

Бұл ретте, бағалаудан өткен ЖҚҚ және НК үлгілері мына жағдайларды қоспағанда қайтарылмайды:

- әлеуетті жеткізушінің алдын ала қарау сараптамасының нәтижелері бойынша ескертулерді түзету және жетілдіру мақсатында үлгілердің бірін қайтаруды талап еткен. Бұл ретте әлеуетті жеткізуші сараптамалық комиссия көрсеткен ескертулермен жазбаша түрде келіседі;

- алдын ала қарау сараптамасы нәтижелеріне және (немесе) үлгі сараптамасы бойынша қорытынды хаттамаға ескертулер болмаған жағдайда, әлеуетті жеткізушінің барлық үлгілерді қайтаруды талап еткен, бұл ретте жеңімпаз деп танылған жеткізуші мен сатып алу қорытындысы бойынша екінші орынды алған әлеуетті жеткізушіге бұл шарт қолданылмайды;

- сатып алу қорытындыларының үлгі сараптамасына қатысты нәтижелерін даулауға байланысты үлгілердің бірін қайтаруды талап еткен.

7. Сатып алуды ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші сатып алу кезеңінде үлгілерді бағалауды тәуелсіз аккредиттелген сынақ зертханасын тарта отырып жүргізуге құқылы. Бұл ретте аталған зертхананы таңдау конкурс негізінде жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші алынған ЖҚҚ және НК үлгілерін, сондай-ақ оларға қоса берілетін толық құжаттаманы көрсетілген зертханаға жібереді.

Егер тендерлік құжаттамада белгіленген үлгілерге қоса берілетін құжаттаманың толық тізбесі мүлде болмаса немесе толық емес болса, Сатып алуды ұйымдастырушы үлгілерді әлеуетті жеткізушіге қараусыз қайтарады. Бұл жағдайда сараптамалық комиссияның (сарапшының) қорытындысы талап етілмейді.

8. Әлеуетті жеткізуші осы Тәртіптің 6-тармағында көзделген жағдайда, өтінімдерді ашу күніне дейін Сатып алуды ұйымдастырушыға ЖҚҚ және НК үлгілерін және оларға ілеспе құжаттаманы (бұдан әрі – ілеспе құжаттама) ұсынуға міндетті. Ілеспе құжаттаманың тізбесі тендерлік құжаттамада белгіленеді және оған мыналар кіреді:

1) ЖҚҚ және НК паспорты, сондай-ақ лот нөмірі мен тауар атауы көрсетілген ЖҚҚ және НК сипаттамасы бар құжаттар;

2) конфекциялық карта.

9. Тендерлік өтінімдерді алдын ала қарау кезінде, егер ЖҚҚ және НК үлгілерін бағалауды аккредиттелген сынақ зертханасы жүргізетін болса, Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік өтінімдерді ашу күнінен кейін үлгілерді Тәртіптің 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, аталған зертханаға жібереді.

10. Тендерлік өтінімдерді қайта қарау кезінде, егер ЖҚҚ және НК үлгілерін бағалауды аккредиттелген сынақ зертханасы жүргізетін болса, Сатып алуды ұйымдастырушы өтінімге толықтырулар және/немесе өзгерістер енгізу мерзімі өткеннен кейін үлгілерді Тәртіптің 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, аталған зертханаға жібереді.

4 ЖҚҚ және НК үлгілеріне бағалау жүргізу мерзімі

11. Тендерлік өтінімдерді алдын ала қарау кезінде, Сараптамалық комиссия (сарапшы)/аккредиттелген сынақ зертханасы ЖҚҚ және НК үлгілерін және оларға қоса берілетін құжаттаманың толық пакетін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей олардың бағасын жүргізеді және сараптамалық қорытындыны қол қойылған күні Сатып алуды ұйымдастырушыға жолдайды.

12. Тендерлік өтінімдерді қайта қарау кезінде Сараптамалық комиссия (сарапшы)/аккредиттелген сынақ зертханасы ЖҚҚ және НК үлгілерін және оларға қоса берілетін құжаттаманың толық пакетін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей олардың бағасын жүргізеді және сараптамалық қорытындыны қол қойылған күні Сатып алуды ұйымдастырушыға жолдайды.

5 ЖҚҚ және НК үлгілеріне бағалау жүргізу әдістемесі

13. Аккредиттелген сынақ зертханасы ЖҚҚ және НК үлгілеріне бағалау жүргізуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

14. ЖҚҚ және НК үлгілерін бағалауды сараптамалық комиссия (сарапшы) екі кезеңде жүргізеді:

1) ЖҚҚ және НК үлгілерінің саны мен толықтығын бақылау, ЖҚҚ және НК үлгілерін сырттай қарап тексеру, ілеспе құжаттаманың бар болуын, толықтығы мен құрамын тексеру;

2) ЖҚҚ және НК үлгілерінің өндіріс технологиясы мен сапалық сипаттамаларын тексеру.

15. ЖҚҚ мен НК үлгілерінің санын және толық жиынтығын бақылау мынадай процестерді қамтиды:

1) ЖҚҚ мен НК үлгілерінің бүтіндігін, қаптамасының дұрыстығын, таңбалануын тексеру;

2) ЖҚҚ мен НК үлгілерінің толық жиынтығын тексеру;

3) ЖҚҚ мен НК үлгілерін ақауларды, деформацияларды және механикалық зақымдарды анықтау мақсатында көзбен шолу;

4) ЖҚҚ мен НК үлгілерінің нақты өлшемдерінің қоса берілген құжаттамада көрсетілген мәліметтерге сәйкестігін тексеру;

5) ЖҚҚ мен НК үлгілерінде қолданылған маталар/материалдар/фурнитура және басқа құрамдас бөліктерінің қоса берілген құжаттамада көрсетілген мәліметтерге сәйкестігін тексеру;

6) ЖҚҚ мен НК үлгілерінің фурнитурасы/ішкі жабдықтарының (түйме, түймелі ілгек, люверс, сырғытпа, бекіткіш, жарық қайтарғыш таспа, өкше, ұлтарақ, астар) орнатылу сапасын және бекітілу беріктігін, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін тексеру;

7) ЖҚҚ мен НК үлгілерінің құрамдас бөліктерінің пішіндерінің симметриялылығын, жұп бөлшектердің орналасуын, тесіктердің, өткір қырлардың, ойықтардың, жарықтардың, қырналған жерлердің, тоттан қорғау қабатының бүлінуін, қалыңдаулардың, ісінулердің, сынықтардың, түйреуіш пен өткір бұрыштардың және өзге де ақаулардың бар-жоғын тексеру;

8) ЖҚҚ мен НК үлгілерінің құрамдас бөліктері тігістерінің/қосылыстарының сапасын, оның ішінде Тәртіптің осы тармағының 7) тармақшасында көрсетілген ақаулардың бар-жоғын, сондай-ақ тартылулардың, тегіс еместіктің, шетінен біркелкі емес қашықтықтың, шығып тұрған жіптердің, тігіс ұштарында жіптің шашақталуының және басқа да ақаулардың бар-жоғын тексеру;

8) ЖҚҚ мен НК үлгілерінің кепілді сақтау және пайдалану мерзімдерін тексеру.

16. ЖҚҚ және НК үлгілерінің сапалық сипаттамаларын тексеру келесі процестерді қамтиды:

1) міндетті көрсеткіштерді бағалау (термиялық жағдай, киім астындағы микроклимат, конструкцияның еңбек жағдайлары мен антропологиялық өлшемдерге сәйкестігі, өнімнің салмағы, үздіксіз қолдану ұзақтығы, тігістің мықтылығы, үзілу жүктемесі, модельдің композициялық және түрлі-түсті шешімінің тұтастығы, жууға және құрғақ тазалауға төзімділік, электр өрісінің кернеулігі);

2) тиімділік көрсеткіштерін бағалау (бөлшектің жарылуына төзімділік дәрежесі, бу өткізгішбеушілік, ауа өткізгіштік дәрежесі, қорғасын эквиваленті (рентгендік сәулеленуден қорғаныс), радиоактивті заттардан қорғау коэффициенті және қатерсіздендіру қабілеті, қорғаныс электронды және магниттік өрістерден қорғау коэффициенті, электр зарядтарынан қорғау коэффициенті, шаң өткізбеушілік, шаңға, қышқыл мен сілтіге төзімділік, лактарға, бояуларға, органикалық еріткіштерге, майларға, мұнайға төзімділік, су өткізбеушілік, зарарсыздандыруға төзімділік, отқа төзімділік);

3) ЖҚҚ мен НК пайдалану кезінде оларды киюдің ыңғайлылығын/ ыңғайсыздығын анықтау немесе туындауы мүмкін басқа жағдайларды (қажет болған жағдайда) анықтау үшін ЖҚҚ мен НК үлгілерін жұмыс жағдайында апробациялау.

6 Сатып алуды ұйымдастырушыға сараптамалық қорытынды дайындау және ұсыну

17. Сараптау комиссиясы (сарапшы) жүргізген ЖҚҚ және НК үлгілерін бағалау нәтижелері бойынша осы Тәртіпке №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптамалық қорытынды жасалады.

18. Аккредиттелген сынақ зертханасының сараптамалық қорытындысы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысан бойынша ресімделеді.

19. Сараптамалық қорытынды Сатып алуды ұйымдастырушыға осы Тәртіптің 11 және 12-тармақтарында көрсетілген мерзімдерден кешіктірілмей беріледі.

7 ЖҚҚ және НК үлгілерін есепке алу және сақтау

20. Сатып алуда жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізушімен сатып алу шарты жасалған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде бағаланған барлық ЖҚҚ мен НК үлгілері сақталады. Сонымен қатар, сатып алуда жеңімпаз және екінші орынды иеленген әлеуетті жеткізушінің үлгілері шарттық міндеттемелер орындалғанға дейін сақталады.

21. Сараптамалық қорытындыға қатысты қорытынды хаттама нәтижелерімен келіспейтіні туралы әлеуетті жеткізушіден шағым түскен жағдайда, Сатып алуды ұйымдастырушы ЖҚҚ мен НК үлгілерін сақтауды және үлгінің бір данасын беруді, сондай-ақ сараптама нәтижелерін даулауға мүмкіндік беруді даулы мәселелер шешілгенге дейін қамтамасыз етуге міндетті.

22. Сараптамалық комиссия (сарапшы) бағалаған ЖҚҚ мен НК үлгілерін сақтау үшін жауапкершілік Сатып алуды ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге жүктеледі.

23. Тәуелсіз аккредиттелген сынақ зертханасы бағалаған ЖҚҚ мен НК үлгілерін сақтау үшін жауапкершілік аталған зертханаға жүктеледі және әлеуетті жеткізушіден сараптамалық қорытындыға қатысты қорытынды хаттама нәтижелерімен келіспейтіні туралы шағым түскен жағдайда, ол даулы мәселелер шешілгенге дейін үлгілерді сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

24. Ұсынылған ЖҚҚ мен НК үлгілері осы Тәртіптің 6-тармағының 2, 3, 4, 5-абзацтарына және 20-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін әлеуетті жеткізушілерге қайтарылады. Сатып алуда жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізушімен сатып алу шарты жасалған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде, егер осы Тәртіптің 21 және 23-тармақтарында көрсетілген даулы мәселелер туындамаса, Сатып алуды ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші ЖҚҚ мен НК үлгілерін кәдеге жаратуды жүргізеді, бұл туралы осы Тәртіптің № 2 қосымшасына сәйкес акті жасалады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы Бас инженерінің
2025 жылғы ___ _____
№_____ бұйрығымен бекітілген
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызына меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы тікелей немесе жанама түрде иелік ететін ұйымдарда жеке қорғану құралдары, арнайы аяқ киім және нысанды киім үлгілерін бағалау тәртібі мен әдістемесіне №2 қосымша

Сараптамалық қорытынды

№ _____ сатып алу

_____қаласы 20__ жылғы ___ _____

_____сарапшыдан/аккредиттелген сынақ зертханасынан тұратын сараптау комиссиясы жеке қорғаныс құралдары үлгілерін сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелік сипаттамасы талаптарына сәйкестігі бойынша қарап, зерделеп, өз құзыреті шегінде келесідей қорытынды жасайды:

№ р/н	Лот №	SAP-тағы тауарлардың атауы*	ЖҚҚ және НК үлгілерін ұсынған әлеуетті жеткізушінің атауы	ЖҚҚ және НК үлгілерінің сатып алынатын тауардың техникалық ерекшелік сипаттамсы талаптарына сәйкестігі/сәйкес келмеуі	ЖҚҚ және НК үлгілерінің техникалық ерекшелік сипаттамасы талаптарына сәйкес келмеуі туралы ақпарат **
1	2	3	4	5	6

Лауазымы Сараптау комиссиясы мүшелерінің/сарапшының/ аккредиттелген сынақ зертханасының уәкілетті өкілінің қолдары Т.А.Ә.

_____

* сараптау комиссиясы/сарапшы толтырады

** сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелік сипаттамасы талаптарына үлгілердің (ЖҚҚ және НК) сәйкес еместігі анықталған жағдайда толтырылады

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы Бас инженерінің
2025 жылғы ___ _____
№_____ бұйрығымен бекітілген
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы мен дауыс беретін
акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және
одан да көп пайызына меншік немесе
сенімгерлік басқару құқығында «Қазақстан
темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік
қоғамы тікелей немесе жанама түрде иелік
ететін ұйымдарда жеке қорғану құралдары,
арнайы аяқ киім және нысанды киім үлгілерін
бағалау тәртібі мен әдістемесіне
№2 қосымша

Жеке қорғаныс құралдары мен нысанды киім үлгілерін кәдеге асыру туралы акті

_____ қаласы 20__ жылғы ___ _____

Біз, төменде қол қоюшылар, жеке қорғаныс құралдарының келесі үлгілері кәдеге асырылғаны туралы акті жасадық:

Р/с №	**Сатып алу нөмірі**	**ЖҚҚ және НК үлгісінің атауы**	**Жеке қорғаныс құралдарының үлгісін ұсынған әлеуетті жеткізушінің атауы**
1	2	3	4

Лауазымы Қолы ТАӘ